

Мақұлдаймын:
бас атқарушы директор
«ВЕКТОР» консалтингтік агенттігі» ЖШС

Александров В.Н.

«20» қараша 2020 ж.



**«ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛАҒЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫН
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ДЕҢГЕЙІН
БАҒАЛАУ БОЙЫНША ЕСЕП**

Корпоративтік басқарудың жалпы рейтингі және құрамдауыштар бойынша рейтингтер

№ ж/т	Құрамдауыштың атауы	Құрамдауыш рейтингі, балл				
		Максималды	Нақты	Салмағы, %	Коэффициент	Рейтингтік %
1	Меншік құрылымы және жалғыз акционердің әсері	26	25	5	5,20	4,81
2	Директорлар кеңесінің құрылымы және жұмыс тәжірибесі	91	67	20	4,55	14,73
3	Атқарушы органның қызметі	37	30	20	1,85	16,22
4	Қаржы-мүдделі тұлғалардың құқығы	57	47	5	11,40	4,12
5	Қаржылық ашықтық және ақпаратты ашу	77	60	10	7,70	7,79
6	Компанияның тәуекелдерді басқару жүйесі (ТБЖ), ішкі аудит қызметінің жұмысы (ІАҚ), ТБЖ мен ІАҚ компанияның басқару органдарымен өзара іс-қимылы	118	102	15	7,87	12,96
7	ІНҚ, қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын, стратегия, жоспарлау және есептілік бойынша құжаттарды талдау	44	40	15	2,93	13,64
8	Компанияның корпоративтік басқару қағидаттарына бейімділігі	13	13	5	2,60	5,00
9	Корпоративтік хатшы жұмысының тиімділігі, АҚ заңнама талаптарын сақтау	9	9	5	1,80	5,00
Жиыны		472	393	100		84,3

Корпоративтік басқарудың жалпы рейтингі және құрамдауыштар бойынша рейтингтер

Талдаудың жекелеген түйінді құрамдауыштары бойынша рейтингті айқындау талдаудың тиісті кіші құрамдауыштары бойынша скоринг карталарын толтырғаннан кейін алынған баллдардың жалпы саны негізінде жүзеге асырылды.

Алынған нәтиже осы талдау құрамдауышы бойынша мүмкін болатын ең көп ұпай санымен, содан кейін рейтинг шкаласымен құрамдауыштар салмағының пайыздық қатынасында есептеледі.

Талдаудың жекелеген түйінді құрамдауыштары бойынша Қоғамның корпоративтік басқару деңгейінің есептелген жалпы рейтингі 84,3% құрайды немесе корпоративтік басқару деңгейінің рейтингтік бағалау шкаласы бойынша KZCG6 сәйкес келеді.

Меншік құрылымы және жалғыз акционердің әсері

Кіші құрамдауыш бойынша рейтинг 96%

№ ж/т	Кіші құрамдауыш атауы	Кіші құрамдауыш рейтингі		
		Максималды	Нақты	%
1	Меншік құрылымының ашықтығы	3	3	100
2	Ақпаратты алу және бағалау құқығы	7	7	100
3	Дивидендтік саясат	9	8	89
4	Жалғыз акционердің функцияларын іске асыру	4	4	100
5	Жалғыз акционерге қызмет көрсету	3	3	100
Жиыны:		26	25	96

Осы блок шеңберінде тиімді корпоративтік басқару Жалғыз акционердің құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуді көздейді. Сонымен қатар, осы кіші топта дивидендтік саясат, меншік құрылымының ашықтығы және қоғамды басқаруға қатысу құқығы қарастырылады. Жалғыз акционердің құқықтарына қатысты Блок акционердің құқықтарын бұзумен байланысты тәуекелдердің туындау мүмкіндігін қарастырады.

Меншік құрылымы және жалғыз акционердің әсері

БАҚЫЛАУЛАР МЕН ҰСЫНЫСТАР



"Меншік құрылымы және Жалғыз акционердің әсері" құрамдауышы акционердің құқықтары мен акционерлік капитал құрылымын зерделеуге, сондай-ақ Жалғыз акционердің корпоративтік басқару практикасына әсерін зерттеуге бағытталған.

Қоғаммен меншік құрылымының және қоғамды басқаруға қатысу құқығының, Қоғам қызметі туралы ақпарат алудың айқындығын қоса алғанда жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғаудың корпоративтік Кодексте белгіленген қағидаты толық іске асырылады

Қоғам дивидендтік саясатты бекітті, алайда "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңға сәйкес дивидендтердің мөлшерін мемлекеттік басқарудың тиісті деңгейлерінде қабылданған шешімдерді ескере отырып, Жалғыз акционер айқындайды. Тиісінше, Қоғамның дивидендтерді төлеу мөлшері әрдайым дәйекті бола бермейді.



Директорлар кеңесінің құрылымы және жұмыс тәжірибесі

Кіші құрамдауыш бойынша рейтинг 74%

№ ж/т	Кіші құрамдауыш атауы	Кіші құрамдауыш рейтингі		
		Максималды	Нақты	%
1	Директорлар кеңесі мүшелерінің Жалғыз акционердің мүдделерін теңгерімді ұсынуы.	5	4	80
2	Директорлар кеңесі мүшелері санының теңгерімділігі.	4	2	50
3	Тәуелсіз директорлар - ДК мүшелерінің жұмысы.	1	1	100
4	Директорлар кеңесі мүшелерінің құзыреттерінің сәйкестігі.	5	4	80
5	Директорлар кеңесі мүшелерінің оңтайлы жұмыс мерзімдері және ДК мүшелері қызметінің сабақтастығын қамтамасыз ету.	3	1	33
6	Директорлар кеңесінде комитеттердің болуы.	3	3	100
7	Директорлар кеңесі комитеттері жұмысының тиімділігін бағалау.	5	2	40
8	ДК комитеттерінің құрамы, ДК комитеттерінің жұмыс істеуі, тәуелсіз директорлардың ДК комитеттерінің жұмысына басшылық етуге қатысуы.	10	6	60
9	Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігі.	17	11	65
10	Директорлар кеңесі жұмысының мерзімділігі, жоспарлауы және жүйелілігі. Директорлар кеңесі мүшелері жұмысының белсенділігі.	8	7	88
11	Директорлар кеңесі мүшелерінің пайымдаулары мен бағалауларының объективтілік дәрежесі.	3	3	100
12	Директорлар кеңесінің отырыстарын ұйымдастыру процедуралары, отырыстарды өткізу тәртібі, Директорлар кеңесі туралы ереже.	19	19	100
13	Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақы жүйесі.	8	4	50
	Жиыны:	91	67	74

Тиімді корпоративтік басқару стратегиялық басқару органы - Директорлар кеңесінің болуын және жұмыс істеуін болжайды. Стратегиялық басқарудан басқа, Директорлар кеңесінің қызметі атқарушы органға тиімді бақылауды қамтамасыз етуге бағытталған. Директорлар кеңесі Компанияның Жалғыз акционеріне есеп береді.

Директорлар кеңесінің құрылымы және жұмыс тәжірибесі

БАҚЫЛАУЛАР МЕН ҰСЫНЫСТАР



"Директорлар кеңесінің құрылымы мен жұмыс тәжірибесі" құрамдауышы Директорлар кеңесінің құрамын, ДК мүшелерін сайлау тәртібін, Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау функцияларын орындауын, оның жұмысының тиімділігін бағалауды, сондай-ақ ДК мүшелеріне сыйақы беру тетіктерін және олардың қызметінің сабақтастығын зерделеуге бағытталған.

Директорлар кеңесінің құрамы Жалғыз акционердің мүдделерін теңдестірілген түрде білдіреді. Директорлар кеңесі Қоғамды тиімді басқару қағидатын басшылыққа ала отырып, қажетті шешімдерді уақтылы қабылдайды. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері жеткілікті білім мен дағдыларға ие.

Сонымен қатар, өкілеттіктердің мерзімінен бұрын тоқтатылуы және Директорлар кеңесі мүшелерінің жиі ауысуы орын алады. Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды іріктеу саясаты жоқ. ДК мүшелері үшін құзыреттерді дамыту жоспарлары әзірленбеген.



Атқарушы органның қызметі

Кіші құрамдауыш бойынша рейтинг 81%

№ ж/т	Кіші құрамдауыш атауы	Кіші құрамдауыш рейтингі		
		Максималды	Нақты	%
1	Компанияның атқарушы органы мүшелерінің құрамы, саны және құзыреті.	4	4	100
2	Атқарушы органның жұмыс істеуі, жауапкершілік және есептілік.	3	3	100
3	Атқарушы орган мүшелеріне сыйақы беру жүйесі.	11	7	64
4	Компанияның операциялық қызметіне Жалғыз акционер мен Директорлар кеңес мүшелерінің ықпал ету дәрежесі.	4	3	75
5	Атқарушы орган жұмысының тиімділігі, атқарушы орган мүшелерінің арасында функциялар мен жауапкершілікті бөлу.	5	4	80
6	Атқарушы органның жұмыс тәртібі, Атқарушы орган туралы ереже.	10	9	90
Жиыны:		37	30	81

Директорлар кеңесі айқындаған стратегиялық міндеттерді орындау көп жағдайда Қоғамның атқарушы органының қызметіне байланысты болады. Компанияның көптеген тәуекелдері басқарудың тиімділігімен байланысты.

Атқарушы органның қызметі

БАҚЫЛАУЛАР МЕН ҰСЫНЫСТАР



Директорлар кеңесі айқындаған стратегиялық міндеттерді орындау көп жағдайда Қоғамның атқарушы органының қызметіне байланысты болады. Компанияның көптеген тәуекелдері басқарудың тиімділігімен байланысты. Аталған бөлім Қоғамның атқарушы органын бағалау тәсіліне арналған.

Атқарушы органның саны компанияның операциялық қызметінің көлеміне сәйкес келеді. Атқарушы органның мүшелері олардың жауапкершілік аясына енгізілген бағыттарда тиісті құзыреттерге ие. Компанияның атқарушы органы мүшелерінің құрамы, саны және құзыреті компанияның операциялық қызметінің бағыттарына сәйкес келеді. Атқарушы органның Қоғамды тиімді басқару қағидаты тұтастай сақталады.

Жалғыз акционер қоғамның негізгі тапсырыс берушісі болып табылатындықтан, Жалғыз акционердің нұсқаулары негізінде атқарушы органның шешімдер қабылдауы бойынша практика орын алады. Жалғыз акционердің осындай ықпалын төмендету бойынша ресмиленген процедураларды әзірлеу қажет.



Қаржы-мүдделі тұлғалардың құқықтары

Кіші құрамдауыш бойынша рейтинг 82%

№ ж/т	Кіші құрамдауыш атауы	Кіші құрамдауыш рейтингі		
		Максималды	Нақты	%
1	Қаржы-мүдделі тұлғалардың құқықтарын қорғау тетіктері.	1	0	0
2	Компанияның қаржы-мүдделі тұлғаларының міндеттері.	3	3	100
3	Компанияның қаржы-мүдделі тұлғаларға қатысты тең мүмкіндіктер қағидатын ұстанушылық дәрежесі.	6	6	100
4	Қаржы-мүдделі тұлғалармен қатынастарды, олардың құқықтарын, міндеттерін, жауапкершілігін реттейтін кодекстер мен компания саясаттарының тиімділігі.	4	2	50
5	Компаниядағы құпия ақпаратты қорғау.	3	3	100
6	Мүдделер қақтығысын болдырмау жөніндегі процедуралар.	18	16	89
7	Компания қызметкерлері туралы ережелер.	8	7	88
8	Тұрақты даму қағидаттары.	2	2	100
9	Орнықты даму жөніндегі қызметтің жүйелілігі.	12	8	67
	Жиыны:	57	47	82

Қоғамның қызметі Қоғамға және басқа да мәселелерге қатысты өздерінің қаржылық және қаржылық емес мүдделері бар қаржылық-мүдделі тұлғалар ретінде айқындалатын көптеген стейкхолдерлермен тығыз байланысты.

Қаржы-мүдделі тұлғалардың құқықтары

БАҚЫЛАУЛАР МЕН ҰСЫНЫСТАР

Қоғам қызметі Қоғамға қатысты өзінің қаржылық және қаржылық емес мүдделері бар қаржылық-мүдделі тұлғалар ретінде айқындалатын көптеген стейкхолдерлермен тығыз байланысты.

Қоғам ұзақ мерзімді құнды өсіруге ұмтыла отырып, экономикаға, экологияға және қоғамға өз ықпалының маңыздылығын сезінеді, мүдделі тараптар мүдделерінің теңгерімін сақтай отырып, ұзақ мерзімді кезеңде өзінің орнықты дамуын қамтамасыз етеді. Бұл қоғамның тұрақты даму қағидаттарына бейімділігін көрсетеді.

Үздік практика қаржылық емес есептілік саласындағы халықаралық стандарттарға сәйкес орнықты даму саласындағы жеке есепті дайындау болып табылады. Қоғамның мемлекеттік қаржы саласында іске асырып жатқан жобаларын және пайдаланушылардың көп санына тиісті әсерін ескере отырып, Қоғамның қаржы-мүдделі тұлғалармен қатынастарды реттейтін құжаттарында өзара іс-қимыл процесінің егжей-тегжейлі форматы мен сипаттамасы болуға, сондай-ақ стейкхолдерлердің қоғаммен өзара іс-қимыл процесіне тартылу деңгейін талдауды көздеуі тиіс.

Қаржылық ашықтық және ақпаратты ашу

Кіші құрамдауыш бойынша рейтинг 78%

№ ж/т	Кіші құрамдауыш атауы	Кіші құрамдауыш рейтингі		
		Максималды	Нақты	%
1	Ақпаратты ашу әдістері.	12	9	75
2	Ақпаратты ашу процедуралары.	13	11	85
3	Компания туралы ақпаратты ашу көздері.	4	4	100
4	Компанияның жылдық есептері.	4	3	75
5	Компанияның интернет-сайтының тиімділігі.	4	4	100
6	Компанияның ақпараттық саясаты.	5	5	100
7	Компанияның қаржылық есептілігінің қолжетімділігі мен сапасы.	13	12	92
8	Тәуелсіз аудиторлық ұйымдарды таңдау туралы ақпаратты, тәуелсіз аудиторлық есептерді ашу.	15	10	67
9	Жалғыз акционер туралы, Директорлар кеңесінің және атқарушы органның мүшелері, олардың құзыреттері мен сыйақылары туралы ақпаратты ашу.	7	2	29
	Жиыны:	77	60	78

Компанияның транспаренттілігі компанияның қаржылық және өндірістік жағдайы туралы деректерді ұсынудағы ашықтықты болжайды. Компания барлық мүдделі тараптар үшін ақпараттың дәйектілігі, уақтылығы және тең қол жетімділігі қағидаттарын ұстануы тиіс.

Қаржылық ашықтық және ақпаратты ашу

БАҚЫЛАУЛАР МЕН ҰСЫНЫСТАР



Компанияның транспаренттілігі компанияның қаржылық және өндірістік жағдайы туралы деректерді ұсынудағы ашықтықты болжайды. Компания барлық мүдделі тараптар үшін ақпараттың дәйектілігі, уақтылығы және тең қол жетімділігі қағидаттарын ұстануы тиіс.

Қоғам көпшілікке қол жетімді қызмет туралы ақпаратты ашады. Қаржы мүдделі тұлғалар компанияның қызметі туралы түсінікке ие. Іске асырылатын жобалар және мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынастар, қызметтің негізгі көрсеткіштерінің нысаналы және нақты мәндері туралы ақпарат ашылады.

Компанияның ашықтығы және оның қызметінің барлық тараптары туралы ақпаратты ашу компанияның өзінің стейкхолдерлерімен (қаржы-мүдделі тұлғалармен) өзара іс-қимылының аса маңызды бөліктерінің бірі болып табылады. Компанияның есептері түсініктілікке, қолжетімділікке және мазмұндылыққа бағытталған құжаттарды жасаудың жаңа стандарттарына сәйкес келуі тиіс. Егер компания өз қызметі туралы ақпаратты ашу кезінде есептілікті жасаудың жаңа стандарттарын (ESG - Environmental, Social and Governance; GRI - Global Reporting Initiative) ұстанатын болса, бұл жақсы көрсеткіш болып табылады.



Компанияның тәуекелдерді басқару жүйесі (ТБЖ), ішкі аудит қызметінің жұмысы (ІАҚ), ТБЖ мен ІАҚ компанияның басқару органдарымен өзара іс-қимылы

Кіші құрамдауыш бойынша рейтинг 86%

№ ж/т	Кіші құрамдауыш атауы	Кіші құрамдауыш рейтингі		
		Максималды	Нақты	%
1	Компанияның тәуекелдерін басқару саясаты.	3	3	100
2	Тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігі.	16	15	94
3	Бизнес-жоспарлау процесі шеңберінде тәуекелдерді бағалау.	8	5	63
4	Ішкі аудит қызметінің жұмысы. Ішкі аудиттің мақсаттары мен функциялары.	23	19	83
5	ІАҚ тексеру процесі. Компанияның ішкі аудитінің стандарттары мен нысандары.	10	10	100
6	Компанияның ішкі бақылау жүйесі.	7	7	100
7	Компания қызметкерлері мен оның мүдделі тараптары үшін тәуекелдерді басқару саласындағы қағидаттар мен тәсілдердің ашықтығы.	6	6	100
8	Менеджмент тәуекелі басқармасы мен ішкі аудит қызметінің Директорлар кеңесімен, атқарушы органмен және компанияның басқа да бөлімшелерімен өзара іс-қимылы.	10	9	90
9	Тәуекел менеджменті және ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің құзыреті мен біліктілігі.	5	5	100
10	Тәуекел менеджменті басқармасы және ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру.	8	7	87
11	Тәуекелдерді басқару басқармасы мен ішкі аудит қызметінің жұмысын жоспарлау.	7	5	71
12	Тәуекелдерді басқару және ішкі аудит қызметі жұмысының сапасын арттыру тетіктері.	10	8	80
13	Компания процедураларының комплаенсін талдау.	5	3	60
Жиыны:		118	102	86

Қоғамның тәуекелдерін басқарудың қолданыстағы корпоративтік жүйесінің негізгі мақсаты Қоғамның өсуі, оның кірістілігі мен тәуекелдері арасындағы оңтайлы теңгерімге қол жеткізу, сондай-ақ стратегиялық жоспарларды іске асыру және белгіленген міндеттерге қол жеткізу шеңберінде орнықты дамуды қамтамасыз ету болып табылады.

Компанияның тәуекелдерді басқару жүйесі (ТБЖ), ішкі аудит қызметінің жұмысы (ІАҚ), ТБЖ мен ІАҚ компанияның басқару органдарымен өзара іс-қимылы

БАҚЫЛАУЛАР МЕН ҰСЫНЫСТАР



Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау жүйесі және ішкі аудит қызметі тиімді корпоративтік басқару жүйесінде маңызды рөл атқарады.

Қоғам ІАҚ өзара іс-қимылда және Қоғамның Корпоративтік басқару саясаты мен кодексінің негізгі қағидаттарына сәйкес өз тәуекелдеріне мониторингті жүзеге асырады және бақылайды. Бұл ретте Ішкі аудит қызметімен ішкі бақылау жүйесі құрылатын мынадай өзара байланысты құрамдауыштарды зерделейді: бақылау ортасы, тәуекелді бағалау; бақылау іс-шаралары; ақпаратты жинау және талдау және оны мақсаты бойынша беру; мониторинг және қателерді түзету.

ІБЖ тиімділігінің негіздерінің болуына қарамастан, Қоғамға ішкі бақылау жүйесінің ұғымын, мақсаттары мен міндеттерін, жұмыс істеу принциптерін, ішкі бақылау жүйесінің түйінді салалары мен негізгі құрамдауыштарын, АҚ қызметін жүзеге асыру кезіндегі ішкі бақылау процедураларын, ішкі бақылау субъектілерінің ішкі бақылау процедураларын орындау және қоғамдағы ішкі бақылау жүйесін бағалау жөніндегі құзыреті мен жауапкершілігін айқындайтын "ЭҚО" АҚ ішкі бақылау жүйесі" қағидаларын әзірлеу және енгізу ұсынылады.



ІІК, қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын, стратегия, жоспарлау және есептілік бойынша құжаттарды талдау

Кіші құрамдауыш бойынша рейтинг 91%

№ ж/т	Кіші құрамдауыш атауы	Кіші құрамдауыш рейтингі		
		Максималды	Нақты	%
1	Компанияның басқару органдарының қызметін реттейтін компанияның ішкі құжаттары, лауазымды тұлғалардың құзыреттері, құқықтары, міндеттері, жауапкершілігі.	9	9	100
2	Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің қызметін реттейтін ішкі құжаттар.	3	3	100
3	Жұмыскерлердің лауазымдық нұсқаулықтары.	4	4	100
4	Құзыреттердің қайталануы.	4	4	100
5	Компаниядағы жоспарлау процесі: даму стратегиялары, даму жоспарлары, бюджеттер.	14	12	86
6	Компаниядағы басқарушылық есептіліктің тиімділігі.	8	7	88
7	Компаниядағы жоспарлау және мониторинг жүйесін автоматтандыру.	2	1	50
Жиыны:		44	40	91

Компанияның ішкі нормативтік құжаттары, сондай-ақ стратегия, жоспарлау және есеп берудің негізгі құжаттары ішкі ұйымдастырушылық байланыстарды сипаттайтын және процестерді жедел және тиімді бақылауға мүмкіндік беретін компанияның өндірісі мен басқаруы туралы маңызды мәліметтер жиынтығы болып табылады.

ІІК, қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын, стратегия, жоспарлау және есептілік бойынша құжаттарды талдау

БАҚЫЛАУЛАР МЕН ҰСЫНЫСТАР



Компанияның ішкі нормативтік құжаттары, сондай-ақ стратегия, жоспарлау және есеп берудің негізгі құжаттары ішкі ұйымдастырушылық байланыстарды сипаттайтын және процестерді жедел және тиімді бақылауға мүмкіндік беретін компанияның өндірісі мен басқаруы туралы маңызды мәліметтер жиынтығы болып табылады.

Жарғыда, сондай-ақ Қоғамның жекелеген ережелерінде органдардың, құрылымдық бөлімшелер мен лауазымды тұлғалардың заңнамаға сәйкес талап етілетін құзыреті, құқықтары мен міндеттері белгіленген. Ішкі нормативтік құжаттарда және практикада Директорлар кеңесі мүшелерінің, атқарушы орган, бөлімшелер мүшелерінің, құрылымдық бөлімшелер басшыларының және қызметкерлердің құзыреттері мен жауапкершіліктерінің қиылысы жоқ. Бұл корпоративтік басқарудың Кодексте белгіленген қағидаттарының өкілеттіктердің аражігін ажырату қағидатын іске асыруды қамтамасыз етеді.

Заңнама тұрғысынан стратегияның болуы қажет емес, ал даму жоспары қызметті жүзеге асыру үшін жеткілікті құжат болып табылады. Сондықтан, мүдделердің теңгерімін ескере отырып, Қоғамның Директорлар кеңесі Жалғыз акционермен бірлесіп, Жалғыз акционердің стратегиялық жоспарымен тығыз өзара байланысты және барлық стейкхолдерлердің мүдделерін ескеретін қалыптастырылған құжатты қабылдау мүмкіндігін қарастыруды ұсынамыз. Даму стратегиясы мүдделі тұлғалардың неғұрлым кең ауқымына Қоғамның жоспарлары туралы қолжетімді ақпарат алуға мүмкіндік береді, бұл корпоративтік Кодексте белгіленген қызмет туралы ақпаратты ашудың ашықтығы мен объективтілігі қағидатына сәйкес келеді.



Компанияның корпоративтік басқару қағидаттарына бейімділігі

Кіші құрамдауыш бойынша рейтинг 100%

№ ж/г	Кіші құрамдауыш атауы	Кіші құрамдауыш рейтингі		
		Максималды	Нақты	%
1	Корпоративтік басқару кодексі.	4	4	100
2	Іскерлік этика кодексі.	5	5	100
3	Компаниядағы корпоративтік басқару тәжірибесі. Қызметкерлерді Компанияның корпоративтік мәдениетін және этикалық іскерлік қарым-қатынас қағидаттарын дамыту мәселелеріне тарту.	4	4	100
	Жиыны:	13	13	100

Компанияның, оның қызметкерлерінің корпоративтік басқару қағидаттарына адалдығы тұтастай алғанда АҚ корпоративтік мәдениетін айқындайды. Корпоративтік мәдениеттің жоғары деңгейі тиімді менеджерлер мен талантты қызметкерлерді тартады.

Компанияның корпоративтік басқару қағидаттарына бейімділігі

БАҚЫЛАУЛАР МЕН ҰСЫНЫСТАР



Компанияның, оның қызметкерлерінің корпоративтік басқару қағидаттарына адалдығы тұтастай алғанда АҚ корпоративтік мәдениетін айқындайды. Корпоративтік мәдениеттің жоғары деңгейі тиімді менеджерлер мен талантты қызметкерлерді тартады.

Қоғамда Жалғыз акционердің шешімімен Корпоративтік басқару кодексі, Іскерлік этика кодексі және заңнамаға сәйкес әзірленген басқа да қажетті құжаттар бекітілді. Онда корпоративтік басқару қағидаттары айқындалған. Компания компанияның Корпоративтік басқару кодексінде белгіленген корпоративтік басқару қағидаттарын іс жүзінде ұстанады.

Қызметкерлерді Компанияның корпоративтік мәдениетін дамыту мәселелеріне және этикалық іскерлік қарым-қатынас қағидаттарына тарту мақсатында компанияның кез келген жұмыскері мен лауазымды адамы аудит жөніндегі Комитетке немесе Компанияның Директорлар кеңесіне ішкі бақылау рәсімдерін немесе компанияның басқа да саясаттарын бұзу немесе дұрыс орындамау, сондай-ақ алаяқтық, ұрлық, заңнаманы бұзу жағдайлары туралы құпия түрде мәлімдей алатын нақты тетік енгізілуге тиіс.



Корпоративтік хатшы жұмысының тиімділігі, АҚ қойылатын заңнама талаптарын ұстану

Кіші құрамдауыш бойынша рейтинг 100%

№ ж/т	Кіші құрамдауыш атауы	Кіші құрамдауыш рейтингі		
		Максималды	Нақты	%
1	Корпоративтік хатшының қызметі мен функциялары	4	4	100
2	Мүдделер қақтығысы, корпоративтік хатшының міндеттерін қоса атқару.	1	1	100
3	Заңнама талаптарына сәйкес Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты уақтылы ашу	4	4	100
	Жиыны:	9	9	100

Корпоративтік хатшы Компанияны корпоративтік басқарудың негізгі тұлғаларының бірі болып табылады, ол компанияның корпоративтік басқару мәселелері бойынша заңнама мен ішкі құжат талаптарының сақтауын қамтамасыз етеді.

Корпоративтік хатшы жұмысының тиімділігі, АҚ қойылатын заңнама талаптарын ұстану

БАҚЫЛАУЛАР МЕН ҰСЫНЫСТАР

Корпоративтік хатшы Компанияны корпоративтік басқарудың негізгі тұлғаларының бірі болып табылады, ол компанияның корпоративтік басқару мәселелері бойынша заңнама мен ішкі құжат талаптарының сақтауын қамтамасыз етеді.

Компанияда Корпоративтік хатшы қызметі бар. Корпоративтік хатшы, Директорлар кеңесімен тағайындалды және ІНҚ бойынша да, іс жүзінде де Директорлар кеңесіне бағынады. Мүдделер қақтығысы, Корпоративтік хатшының міндеттерін қоса атқару жоқ. Корпоративтік хатшы ақпаратты ашу процесін бақылайды. Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында заңнама талаптарына сәйкес ашылуы тиіс ақпаратты ашу мерзімдері мен көлемдерін бұзу жағдайлары жоқ.

Директорлар кеңесінің қажетті комитеттері құрылғанын және өз қызметін бастайтынын ескере отырып, ақпараттылықты арттыру мақсатында комитеттердің отырыстарын толығырақ хаттамалау ұсынылады.

Корпоративтік басқарудың жалпы рейтингі және құрамдауыштар бойынша рейтингтер

Осылайша, талдаудың жекелеген түйінді құрамдауыштары бойынша Қоғамның корпоративтік басқару деңгейінің есептелген жалпы рейтингі 84,3% құрайды немесе корпоративтік басқару деңгейінің рейтингтік бағалау шкаласы бойынша KZCG6 сәйкес келеді. Төменде рейтинг шкаласының диапазоны берілген.

Рейтинг шкаласы	
<i>Диапазоны %</i>	<i>Рейтинг</i>
100-91	KZCG7
90-76	KZCG6
75-61	KZCG5
60-46	KZCG4
45-31	KZCG3
30-16	KZCG2
15-0	KZCG1

KZCG6 деңгейінің рейтингін корпоративтік басқарудың жоғары деңгейі бар компаниялар алады. Осы деңгейдегі компаниялар жоғары дәрежеде Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтайды, қабылданған Корпоративтік басқару кодексінің негізгі қағидаттарын ұстанады. Бұл рейтинг акционердің және басқа да үлестес тұлғалардың құқықтарына қысым жасаумен байланысты тәуекелдердің ең аз мөлшерін, Директорлар кеңесі, Басқарма жұмысының ашықтығын, корпоративтік басқару рейтингін беру сәтіндегі Компания қызметі туралы деректердің ашықтығын растайды. CG6 деңгейіндегі корпоративтік басқару рейтингі инвестициялық-тартымды болып келеді.